

Кәсіби стандарт: «Педагог»

1. Жалпы ережелер

1.1 Кәсіби стандарттың концептуальды негізіне қазіргі педагогтың жобасы алынған.

1.2 Қолданыстағы кәсіби стандартта төмендегі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1.2.1 Тәрбие – әлеуметтік нормативтік жобаларға сәйкес қоғамдық және мәдени өмірге қатысуға дайындау мақсатында тұлғаның мақсатты қалыптасуы.

1.2.2 Біліктілікті деңгей/біліктілік деңгейі – қызметкердің еңбек әрекеттерінің күрделілігі, стандартты еместігі, жауапкершілігі мен дербестігі өлшемдері бойынша сараланатын қызметкердің даярлығы мен құзыреті деңгейіне қойылатын талаптар жиынтығы.

1.2.3 Біліктілік – қызметкердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайын болу дәрежесі.

1.2.4 Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ) – еңбек нарығында танылатын біліктілікті деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау.

1.2.5 Ұлттық біліктілік жүйесі – еңбек нарығынан мамандар даярлау сұраныс пен ұсынысты реттеу үшін құқықтық және институционалды тетіктерінің жиынтығы.

1.2.6 Біліктіліктердің салалық шегі (БСШ) – салада танылатын біліктілікті деңгейлерін құрылымдық сипаттау.

1.2.7 Сала/негізгі топ – өндірілетін өнім, өндіріс технологиялары, негізгі қорлар мен жұмысшылардың кәсіби дағдылары ортақтастығы тән кәсіпорындар мен ұйымдар жиынтығы.

1.2.8 Кәсіби топ – жалпы интеграциялық негізі (ұқсас немесе жақын тағайындау мақсаты, объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) бар және оларды орындау үшін құзыреттерді талап ететін кәсіби шағын топтар жиынтығы.

1.2.9 Кәсіби шағын топтар – еңбек функцияларының тұтас жиыны және оларды орындау үшін қажет құзыреттер ретінде қалыптасқан кәсіптер жиынтығы.

1.2.10 Кәсіби стандарт (КС) – кәсіби қызметінің нақты саласында біліктілік деңгейіне, құзыреттеріне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт.

1.2.11 Кәсіп – арнайы дайындық нәтижесінде игерілетін және білім туралы тиісті құжаттармен расталатын белгілі бір білімді және практикалық дағдыларды талап ететін адамның еңбек қызметіндегі сабақтардың негізгі түрі.

1.2.12 Еңбек функциясы – еңбек үдерісінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты ісқимылдар жиынтығы.

1.3 Осы кәсіби стандартта төмендегідей қысқартулар пайдаланылады:

1.3.1 ҚР – Қазақстан Республикасы.

1.3.4 НҚА – нормативтік құқықтық актілер.

1.3.5 ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері.

1.3.6 СБШ – салалық біліктілік шеңбері.

1.4 Кәсіби стандарттың сипаттамасы

1.4.1 Кәсіби стандарттың ұлттық біліктілік жүйесі төрт негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Білім саласындағы ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ) және салалық біліктілік шеңбері (СБШ) деңгейлерін есепке алады, педагогикалық кәсіптердің білім бағдарламалары мен модульдерін жасау үшін, педагогтарды сертификаттау және олардың біліктілік өлшемдерін сәйкестік деңгейлері бойынша қалыптастыру барысында бағалау материалын дайындау үшін негіз болып табылады.

1.4.2 Кәсіби стандарт білім бағдарламаларын қалыптастыру үшін, оның ішінде білім ұйымдары персоналын оқыту үшін, білім беру ұйымдары қызметкерлері мен түлектерін сертификаттау үшін арналған.

1.4.3 Кәсіби стандарт педагогтың біліктілігін арттыруға және оның карьералық өсуін жоспарлауға арналған. Әр келесі деңгей оған дейінгі барлық деңгей көрсеткіштері жиынтығын асырады. Дескрипторлардың жинақтау және дәйекті сипаты оқыту нәтижелерінің деңгейден деңгейге сабақтастығын қамтамасыз етеді. Кәсіби стандарт формалды, сондай-ақ формалды емес және информалды оқыту нәтижелерін тану үшін негіздеме болып табылады, бағалауға қолжетімділігі үшін және біліктіліктерді академиялық ортамен және қызметкерлермен тану үшін жағдай жасайды.

1.4.4 Кәсіби стандарт педагог біліктіліктері білім саласындағы СБШ 12 деңгейшелері бойынша және ҰБШ (5-тен 8 қоса есептегендегі деңгейлер) 4 деңгейіне сәйкес үш жалпыланған көрсеткіші бойынша сипатталатын кәсіптер тәлқұжаты мен карточкаларынан тұрады: «білім», «іскерлік пен дағдылар», «тұлғалық және кәсіптік құзыреттер». 12 деңгейшелердің дескрипторлары педагогтың орындалатын еңбек қызметтерінің дербестік, жауапкершілік және күрделілік дәрежесін есепке алады:

1) дербестік дәрежесі «іскерлік пен дағдылар» жалпыланған көрсеткіште көрініс табады;

2) жауапкершілік дәрежесі «тұлғалық және кәсіби құзыреттер» жалпыланған көрсеткішінде көрініс табады;

3) күрделілік дәрежесі «білімдер» жалпыланған көрсеткішінде көрініс табады.

1.4.5 Педагогтың кәсіби стандартында бес еңбек функциясы анықталады:

1) оқыту;

2) тәрбиелеу;

3) әдістемелік;

4) зерттеу;

5) әлеуметтік-коммуникативтік.

1.4.6 5.1 және 5.2 деңгейшелері үшін алғашқы үш қызметтер міндетті.

Қалған деігейшелер үшін – барлық 5 қызметтер де.

1.4.7 Кәсіби стандартта екінші еңбек функциясы дескрипторлары деңгейлер бойынша ранжирленбеген. Бұл қызмет барлық деңгейлер бойынша «бірдей» болып табылады және педагогикалық кәсіптің құндылығын көрсетеді

1.4.8 В концептуальную основу профессионального стандарта положена модель современного педагога.

1.4.9 Кәсіби стандарт педагогикалық біліктіліктердің дамуына қарай аталған стандартқа қосымша реттеуінде кәсіптің жеке карточкаларында көрініс табатын дескрипторларымен толықтырылуы мүмкін.

2. Педагогикалық кәсіптің құндылығы

Педагогтың еңбек күрделілігі оның «адам-адам» кәсібі түріне жатқызылуына байланысты. Педагогтік іс-әрекет – бұл бір адамның басқа адамға тікелей әрекет жасауы емес, олардың өзара ықпалдастығы. Сондықтан педагогтың әрекет объектісі педагогикалық үдеріс болып табылады, ал оқушы әрекет жасау объектісінен әрекет субъектісіне ауысады. Осының негізінде педагогикалық кәсіп құндылықтары айқындалады:

- білімалушы тұлғасын, оның құқықтары мен бостандығын құрметтеу;
- басқа сенімдерге, әлем мен дәстүрлерге деген көзқарастарына толеранттылық білдіру;
- мәдени алуан түрлілігіне ашықтылығы;
- икемділігі, бейімделу қабілеті, эмпатияға деген қабілеті;
- тұлға құндылықтарын, тіл мен коммуникацияны түсіну;
- өз бетімен білім алу, аналитикалық және сың ойлау дағдылары;
- коммуникативтік және тілдік дағдылары;
- ынтымақтастық дағдылары, дауларды шешу қабілеті.

3. Кәсіби стандарт төлқұжаты

3.1 Кәсіби стандарттың атауы: педагог.

3.2 Кәсіби стандартты әзірлеу мақсаты: педагогқа қажет іскерлік пен дағдылар, білімдер мен құзыреттерді сипаттау.

3.3 Кәсіби стандарттың қысқаша сипаттамасы: стандарт педагогикалық әрекетке қойылатын талаптарды қамтиды.

3.4 Кәсіби топ: педагогикалық қызметкерлер (ҰБШ және СБШ 5-8 деңгейлері).

3.5 Кәсіби шағын топтар: педагогтар (ҰБШ және СБШ 5-8 деңгейлері), білім саласындағы менеджерлер (ҰБШ және СБШ 7-8 деңгейлері).

4. Кәсіптердің карточкалары

4.1 Кәсіптер карточкаларының тізімі:

4.1.1 «Педагог» кәсіптің карточкасы – СБШ бойынша 5-8 біліктіліктер деңгейлері;

4.1.2 «Білім саласындағы менеджер» кәсіптің карточкасы – СБШ 7 және 8 деңгейлері.

4.2 Кәсіптің негізгі карточкары қолданыстағы кәсіби стандарттағы 1-қосымшада келтірілген.

4.3 Қосымша кәсіптер карточкалары осы кәсіби стандартына (еңбек нарығында педагогикалық біліктіліктің дамуына қарай 3, 4 және т.с.с) 2-қосымшада келтіріледі.

КӘСІП КАРТОЧКАСЫ: «Педагог»

Кәсіп коды	2310	
Кәсіп атауы	педагог	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	4 (деңгейшелері 4.1; 4.2).	
БЖ КС бойынша біліктілік деңгейі	4	
Кәсіби білім деңгейі	Орта білімнен кейінгі, (қолданбалы бакалавриат), практикалық тәжірибе; бакалавриатта кемінде екі жыл оқу немесе арнайы жоғары білім бағдарламаларын үш жыл игеру, практикалық тәжірибе*	
Еңбек функциялары:	1) оқыту	
	2) тәрбиелеу	
	3) әдістемелік	
	4) зерттеу	
	5) әлеуметтік-коммуникативтік	
1-еңбек функциясы Оқыту		Білім:
	4.1	<ul style="list-style-type: none"> • оқу пәні мазмұнын және оқыту бағдарламасы • пәнді оқыту және оқу жетістіктерін бағалаудың теориялық негіздері • жастық физиология, жас ерекшелік және жалпы психологияның теориялық негіздері
		Іскерлік пен дағдылар:
		<p>тәлімгер жетекшілігімен</p> <ul style="list-style-type: none"> • мақсаттары мен міндеттері, күтілетін нәтижелеріне сәйкес сабақ жүргізеді • білімалушылардың қажеттіліктері мен жас ерекшеліктерін есепке алу арқылы оқытудың әдістері мен тәсілдерін айқындайды • өмір қауіпсіздігі негіздерін есепке алу арқылы

		<ul style="list-style-type: none"> • өмір қауіпсіздігі негіздері • басқа және шетел тілдерін ерте оқыту әдістемесі 	<p>оқушылардың іскерлігі мен дағдыларын қалыптастырады</p> <ul style="list-style-type: none"> • мақсатты тілді «B2- ортадан төмен емес деңгейде білу» (бастауыш мектептің тілдік пәндер мұғалімі үшін) • тілдік пән бойынша өз бетімен сабақ жүргізеді
	4.2	<ul style="list-style-type: none"> • оқу бағдарламасын кеңейтетін қосымша ресурстар • пәнді оқыту және оқу жетістіктерін бағалау әдістемесі • жастық физиология, жастық психология, білімалушылардың жеке ерекшеліктерін есепке алу арқылы оқу әрекетін ұйымдастырудың қағидалары мен әдістері <ul style="list-style-type: none"> • басқа (екінші) тілді оқыту әдістемесі; • шетел (үшінші) тілді оқыту әдістемесі; • көптілді білімнің билингвизм/көптілділік негіздері, 	<p>әріптестермен өзара ықпалдастықта</p> <ul style="list-style-type: none"> • оқу бағдарламасын кеңейтетін қосымша ресурстарын қолдану арқылы сабақ өткізеді • білімалушылардың өзіндік реттеу дамуын қамтамасыз ететін оқыту әдістері мен тәсілдерін, оқу жетістіктерін өз бетімен бағалау және өзара бағалау әдістерін қолданады • білімалушылардың жеке ерекшеліктерін есепке алу арқылы оқытуда жеке көзқарасты іске асырады • кіші мектеп жасындағы балалардың меңгерілетін (басқа, шетел) тілдегі коммуникацияға бейімделуі үшін тәлімгермен қоса жағдай жасайды
2-еңбек функциясы Тәрбиелеу	Білім:		Іскерлік пен дағдылар:
	4.1	<ul style="list-style-type: none"> • балаларды оқыту мен дамытудағы тәрбиелеудің басым рөлі түсіну; • балаларды тәрбиелеудегі үлкендердің жеке үлгі болудың басты рөлін түсіну; 	<ul style="list-style-type: none"> • педагогикалық тактты, педагогикалық этика ережелерін сақтайды; • білімалушылар тұлғасына сыластықпен қарайды; • білімалушылармен өзара қарым-қатынаста демократиялық стильді сақтайды;
	4.2		

	<ul style="list-style-type: none"> • «оқытып тәрбиелеу» жалпы дидактикалық принциптерін іске асыру әдістері мен тәсілдері; • мектепке дейінгі педагогика және бастауыш мектеп педагогика ерекшеліктері; • гуманистік педагогиканың қазіргі тұжырымдамалары; • мектепке дейінгі және/немесе кіші мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеудегі қазіргі денсаулықты сақтау технологиялары; • тәрбиелеудің үзіліссіздік және синкреттілік принциптері • білімалушылардың өзің-өзі оң бағалауды, тілдерді меңгеру мотивациясын, азаматтық сәйкестендірілуін және лингвистикалық толеранттылығын қалыптастыру тәсілдері; • көпмәдени және көптілді ортада әлеуметтік өзара ықпалдасу теориясы мен практикасы 	<ul style="list-style-type: none"> • жоғары әлеуметтік құндылықтарын, гуманистік педагогика идеяларын қолдауын көрсетеді; • жалпы адами және ұлттық құндылықтарының біріккен жүйесіне қатысын көрсетеді; • Қазақстанның ұлттық басымдықтарын есепке алу арқылы тәрбие үдерісін қалыптастырады; • дискриминация, экстремизмнің кез келген түрлеріне қарсы тұру қабілетін көрсетеді • білім қажеттіліктері ерекше тұлғаларға (оралман балаларына, Қазақстанның резиденттері емес тұлғаларға, ұлттық шағын топтар балаларына) педагогикалық қолдау көрсетеді; • оқыту мен тәрбиелеуде көпмәдени көзқарасты іске асырады; • басқа мәдениетке, басқа өмір салтына толерантты көзқарасты қалыптастырады
3-еңбек функциясы	Білім:	Іскерлік пен дағдылар:

Әдістемелік	4.1	<ul style="list-style-type: none"> • отандық және шетел білім жүйелерін дамытудың қазіргі үрдістері; • білім саласындағы ұлттық заңнаманы (Бала құқығы туралы конвенция, ҚР «Білім туралы», «ҚР бала құқықтары туралы», «Неке және отбасы туралы», «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық коррекциялық қолдау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет көрсету туралы», «ҚР тілдер туралы» заңдарын, ҚР еңбек кодексін • білім ұйымдары әрекеті мәселелері бойынша басқа нормативтік құқықтық 	<p>тәлімгер жеткшілігімен</p> <ul style="list-style-type: none"> • заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерге сәйкес педагогикалық әрекетті ұйымдастырады • оқу бағдарлама талаптарына сәйкес оқу сабақтарын жоспарлайды • өз кәсіби даму траекториясын анықтайды • есеп құжаттарын рәсімдейді • АКТ-құзыреттілігінің жалпы тұтыну деңгейін игерген: <p>Мәтіндерді теруді және шығаруды іске асырады, интернет көздерінен ақпаратты таңдайды; Оқушыларды оқыту үшін компьютерлік танстыру рәсімдері мен ресурстарын дайындайды</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде пәнге бағдарланған ақпараттың жалпы мәнін түсінеді
	4.2	<p>актілерді);</p> <ul style="list-style-type: none"> • МЖМБС, типтік оқу жоспарлары мен типтік оқу бағдарламалары • Оқу материалдардың құрастырылуына қойылатын талаптар (қысқа мерзімді жоспарлар) академиялық ортада қолданылатын тілдер • оқытылатын тіл пәні бойынша типтік оқу бағдарламалары; • оқытылатын тіл пәні бойынша сабаққа арналған оқу материалын таңдау 	<p>әріптестермен өзара ықпалдастықта</p> <ul style="list-style-type: none"> • Оқу сабақтарын, оқу бағдарламасы, нормативтік актілер талаптарына сәйкес және білімалушылардың жеке ерекшеліктерін есепке алу арқылы жоспарлайды • Кәсіби даму траекториясына сәйкес өз кәсіби деңгейін артады • Есеп құжаттарын рәсімдейді және талдайды • АКТ-құзыреттіліктің жалпы педагогикалық деңгейін игерген: <p>Дайын оқытатын және ойын бағдарламаларын, веб-ресурстарды, дағдыларды қалыптастыру үшін</p>

			<p>арналған тренажерларды таңдайды және қолданады;</p> <p>Жұмысты, компьютерлік сынып жағдайында немесе АКТ құралдарын қолдану арқылы ұйымдастырады;</p> <p>АКТ білім нәтижелеріне жету үшін, бағалау іс-шараларын іске асыру үшін, тақырыптық жоспарлар мен бар (дәстүрлі) оқыту әдістерін орындау үшін қолдана алады</p> <ul style="list-style-type: none"> • Пәнге бағдарланған ақпаратты қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі ақпаратты кәсіби әрекетте қолданады
4-еңбек функциясы Зерттеу		Білім:	Іскерлік пен дағдылар:
	4.1	<ul style="list-style-type: none"> • Зерттеудің жалпыланған нәтижелері 	<ul style="list-style-type: none"> • Тәлімгер жетекшілігімен • өз практикасында зерттеудің жалпыланған нәтижелерін бағдарлайды
	4.2	<ul style="list-style-type: none"> • зерттеудің мақсаттары мен құралдары • CEFR («Common European Framework of Reference: Learning, Teaching, Assessment») мәні – шетел тілін меңгерудің «Жалпы еуропалық құзыреттері: игеру, оқыту, бағалау») 	<p>әріптестермен өзара ықпалдастықта</p> <ul style="list-style-type: none"> • алғашқы диагностика әдістерін қолданады • тәлімгер жетекшілігімен кіші жастағы мектеп оқушыларының сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша тілдік құзыреттерін бағалау өлшемдерін қалыптастырады; • кіші жастағы мектеп оқушыларының сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша тілдік құзыреттерін бағалау үшін өлшемдерін өз бетімен қолданады
5-еңбек функциясы Әлеуметтік-		Білім:	Іскерлік пен дағдылар:
	4.1	<ul style="list-style-type: none"> • педагогикалық этика ережелері; 	<ul style="list-style-type: none"> • тәлімгер жетекшілігімен

коммуникативтік		<ul style="list-style-type: none"> • білімалушылармен педагогикалық өзара ықпалдасудың принциптері мен әдістері; • қызметшілер ұжымында жұмыс жасау принциптері мен әдістері; • білімалушылар атааналарымен жұмыс жасау принциптері мен әдістері 	<ul style="list-style-type: none"> • педагогикалық этика ережелерін жетекшілікке алады • кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас негіздерін білу қабілетіне негізделіп, өз іс-әрекетін қалыптастырады • сынып және әдістемелік бірлестік аясында кәсіби диалогтарға қатысады
	4.2	<ul style="list-style-type: none"> • көпмәдени ортадағы қарым-қатынас педагогикасы мен психологиясы 	<ul style="list-style-type: none"> • әріптестермен өзара ықпалдастықта • оқушылар, педагогикалық ұжымда, атааналармен ізгі ниетті өзара қарымқатынастарды педагогикалық өзара ықпалдастық принциптері мен әдістері негізінде қалыптастырады • кіші мектеп жасындағы балаларды басқа және шетел тілдерін қосымша оқыту жүйесіне (кружоктар, балалар қоғамдастықтары) өз бетімен тартады
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар	<ul style="list-style-type: none"> • оқушы тұлғасына сыйластықпен қарайды және оқушылардың білім жетістіктеріне оңтайлы үлес қосады. • оқыту барысында әріптестермен ізгі ниетті өзара қарым-қатынас маңыздылығын түсінеді • мектептің педагогикалық қоғамдастығы жағдайында жұмыс жасай алады. • өзінің жеке практикасын рефлексиялай алады, өзгерістер енгізе алады. • құрылымдық сын мен ұсыныстарға барабар көзқараспен қарайды. • Жеке кәсіби даму туралы көзқарасы қалыптасқан және өз білімдерін жетілдіруге үнемі ұмтылады. • Инновациялық мектеп практикасын зерттейді және бағалайды, сондай-ақ зерттеу нәтижелері мен басқа сыртқы көздерін өз практикасы мен әріптестер практикасын жетілдіру мақсатында қолданады. 		

	<ul style="list-style-type: none"> • Педагогикалық зерттеулер әдіснамасын біледі. • Өзінің жеке практикасын талдай алады және ол туралы пікір қалыптастыра алады. • Тиімді мектеп практикасына жету мақсатында жоспарлау үдерісін жетекшілік ету үшін жауапкершілікті қабылдайды • кәсіби тұрғыда өсу мақсатында әріптестермен ынтымақтастық ету дайындығы; команда болып жұмыс жасау қабілеті, әлеуметтік, мәдени және жеке айырмашылықтарды толерантты түрде қабылдау; • мемлекеттік және басқа тілдердегі табысты және оңтайлы іскерлік коммуникацияға қабілеті; коммуникабельділігі, толеранттылығы;
СБШ шегіндегі басқа мамандықтармен байланыс	Білім саласындағы менеджер
Кәсіп коды	2310

КӘСІП КАРТОЧКАСЫ: «Педагог»

Кәсіп коды	2310
Кәсіп атауы	педагог
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	5 (деңгейшелері 5.1; 5.2; 5.3; 5.4)
БЖ КС бойынша біліктілік деңгейі	4
Кәсіби білім деңгейі	Орта білімнен кейінгі, (қолданбалы бакалавриат), практикалық тәжірибе; бакалавриатта кемінде екі жыл оқу немесе арнайы жоғары білім бағдарламаларын үш жыл игеру, практикалық тәжірибе*
Еңбек функциялары:	1) оқыту

	2) тәрбиелеу	
	3) әдістемелік	
	4) зерттеу	
	5) әлеуметтік-коммуникативтік	
1-еңбек функциясы Оқыту		Білім:
	5.1	<ul style="list-style-type: none"> • мектепке дейінгі және/немесе бастауыш оқытудың теориясы мен әдістемесі • мектепке дейінгі және/немесе кіші мектеп жасындағы балалардың физиологиясы • оқытудың қазіргі технологияларын, оның ішінде АКТ • ҚР білім ұйымдары жүйесі ерекшеліктері • мектепке дейінгі кішкентай мектеп жасындағы балаларды оқытудағы интеграция және сабақтастық қағидалары мен механизмдері <ul style="list-style-type: none"> • контрастивті (салғастырмалы, салыстырмалы) лингвистика негіздері
	5.2	<ul style="list-style-type: none"> • орта білімнің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) барлық сатыларын оқытудағы интеграция қағидаларын • сың ойлаудың дамуын қалыптастыратын және білімалушылардың жеке прогресін
	Іскерлік пен дағдылар:	
	<ul style="list-style-type: none"> • тәлімгер жетекшілігімен оқу сабақтары нысандары, әдістері мен құралдарын жоспарлайды; • оқытудың белгіленген мақсаттарына сәйкес, тәлімгер нұсқаулары немесе дайын әдістемелік ұсыныстар мен ережелерді орындау арқылы оқу сабақтарын өз бетімен жүргізеді 	
	<ul style="list-style-type: none"> • оқытудың белгіленген мақсаттарына қатал сәйкестікте, оқытудың келесі сатыларында оқыту мазмұнымен сабақтастық принциптерін есепке алу арқылы оқу сабақтарын өз бетімен жоспарлайды және жүргізеді • тәлімгер көмегімен білімалушылардың 	

		<p>қамтамасыз ететін оқыту және бағалау стратегиялары</p> <ul style="list-style-type: none"> • білімалушылар қабілеттерін есепке алу арқылы оқытудағы жекешелендіру стратегиялары • мультилингводидактика, этнолингводидактика негіздері 	<p>лингвистикалық қажеттіліктері мен сұраныстарын есепке алатын оқыту тәсілін құрастырады</p> <ul style="list-style-type: none"> • тәлімгер көмегімен мақсатты тілдегі аутентті мәтіндерді қолдану арқылы оқу үдерісін жобалайды
2-еңбек функциясы Тәрбиелеу	Білім:		Іскерлік пен дағдылар:
	5.1	<ul style="list-style-type: none"> • балаларды оқыту мен дамытудағы тәрбиелеудің басым рөлі түсіну; • балаларды тәрбиелеудегі үлкендердің жеке үлгі болудың басты рөлін түсіну; • «оқытып тәрбиелеу» жалпы дидактикалық принциптерін іске асыру әдістері мен тәсілдері; • мектепке дейінгі педагогика және бастауыш мектеп педагогика ерекшеліктері; • гуманистік педагогиканың қазіргі тұжырымдамалары; • мектепке дейінгі және/немесе кіші мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеудегі қазіргі денсаулықты сақтау технологиялары; • тәрбиелеудің үзіліссіздік және синкреттілік принциптері 	<ul style="list-style-type: none"> • педагогикалық тактты, педагогикалық этика ережелерін сақтайды; • білімалушылар тұлғасына сыластықпен қарайды; • білімалушылармен өзара қарым-қатынаста демократиялық стильді сақтайды; • жоғары әлеуметтік құндылықтарын, гуманистік педагогика идеяларын қолдауын көрсетеді; • жалпы адами және ұлттық құндылықтарының біріккен жүйесіне қатысын көрсетеді; • Қазақстанның ұлттық басымдықтарын есепке алу арқылы тәрбие үдерісін қалыптастырады; • дискриминация, экстремизмнің кез келген түрлеріне қарсы тұру қабілетін көрсетеді • білім қажеттіліктері ерекше тұлғаларға (оралман балаларына, Қазақстанның резиденттері емес тұлғаларға, ұлттық шағын топтар балаларына) педагогикалық қолдау көрсетеді; • оқыту мен тәрбиелеуде көпмәдени көзқарасты іске асырады;
	5.2		

		<ul style="list-style-type: none"> • білімалушылардың өзің-өзі оң бағалауды, тілдерді меңгеру мотивациясын, азаматтық сәйкестендірілуін және лингвистикалық толеранттылығын қалыптастыру тәсілдері; • көпмәдени және көптілді ортада әлеуметтік өзара ықпалдасу теориясы мен практикасы 	<ul style="list-style-type: none"> • басқа мәдениетке, басқа өмір салтына толерантты көзқарасты қалыптастырады
3-еңбек функциясы Әдістемелік		Білім:	Іскерлік пен дағдылар:
	5.1	<ul style="list-style-type: none"> • отандық және шетел білім жүйелерін дамытудың қазіргі үрдістері; • білім саласындағы ұлттық заңнаманы (Бала құқығы туралы конвенция, ҚР «Білім туралы», «ҚР бала құқықтары туралы», «Неке және отбасы туралы», «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық коррекциялық қолдау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет көрсету туралы», «ҚР тілдер туралы» заңдарын, ҚР еңбек кодексін • білім ұйымдары әрекеті мәселелері бойынша басқа нормативтік құқықтық актілерді); • МЖМБС, типтік оқу жоспарлары 	<p>тәлімгер жеткшілігімен</p> <ul style="list-style-type: none"> • заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерге сәйкес педагогикалық әрекетті ұйымдастырады • оқу бағдарлама талаптарына сәйкес оқу сабақтарын жоспарлайды • өз кәсіби даму траекториясын анықтайды • есеп құжаттарын рәсімдейді • АКТ-құзыреттілігінің жалпы тұтыну деңгейін игерген: <p>Мәтіндерді теруді және шығаруды іске асырады, интернет көздерінен ақпаратты таңдайды; Оқушыларды оқыту үшін компьютерлік танстыру рәсімдері мен ресурстарын дайындайды</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде пәнге бағдарланған ақпараттың жалпы мәңін түсінеді
	5.2		<p>әріптестермен өзара ықпалдастықта</p> <ul style="list-style-type: none"> • Оқу сабақтарын, оқу бағдарламасы, нормативтік

		<p>мен типтік оқу бағдарламалары</p> <ul style="list-style-type: none"> • Оқу материалдардың құрастырылуына қойылатын талаптар (қысқа мерзімді жоспарлар) академиялық ортада қолданылатын тілдер • оқытылатын тіл пәні бойынша типтік оқу бағдарламалары; • оқытылатын тіл пәні бойынша сабаққа арналған оқу материалын таңдау 	<p>актілер талаптарына сәйкес және білімалушылардың жеке ерекшеліктерін есепке алу арқылы жоспарлайды</p> <ul style="list-style-type: none"> • Кәсіби даму траекториясына сәйкес өз кәсіби деңгейін артады • Есеп құжаттарын рәсімдейді және талдайды • АКТ-құзыреттіліктің жалпы педагогикалық деңгейін игерген: <p>Дайын оқытатын және ойын бағдарламаларын, веб-ресурстарды, дағдыларды қалыптастыру үшін арналған тренажерларды таңдайды және қолданады;</p> <p>Жұмысты, компьютерлік сынып жағдайында немесе АКТ құралдарын қолдану арқылы ұйымдастырады;</p> <p>АКТ білім нәтижелеріне жету үшін, бағалау іс-шараларын іске асыру үшін, тақырыптық жоспарлар мен бар (дәстүрлі) оқыту әдістерін орындау үшін қолдана алады</p> <ul style="list-style-type: none"> • Пәнге бағдарланған ақпаратты қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі ақпаратты кәсіби әрекетте қолданады
			<p>өз бетімен</p> <ul style="list-style-type: none"> • Оқу сабақтарын, оқу бағдарламасы, нормативтік актілер талаптарына сәйкес және оқыту сатылары мен пәнаралық интеграция өзара байланысын есепке алу арқылы жоспарлайды • Өз кәсіби жетістіктерін талдайды және өзінің

			<p>даму траекториясына жөндеулер еңгізеді</p> <ul style="list-style-type: none"> • Есеп құжаттарын рәсімдейді, талдайды және өз практикасына жөндеулер еңгізеді • Цифрлік білім ресурстарын талдау дағдыларын игерген: <p>Мәліметтерді талдау үшін инструменталды бағдарламалық құралдарды, визуализацияны, құралдарды, жобалау мен рөлдік ойындарды қолданады;</p> <p>Инструменталды бағдарламалық құралдарды тұлғаға бағдарланған оқу жұмысы әдістерімен қолдануды біріктіреді;</p> <p>Оқушылардың бірігіп жасалған жұмысында тор ресурстарын қолданады;</p> <p>Жеке және топтық оқу жобаларын іске асыру барысында жоспарларды жасау үшін және олардың орындалуын бағалау үшін АКТ қолданады</p> <ul style="list-style-type: none"> • Пәнге бағдарланған ақпаратты қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде кәсіби қарымқатынаста қолданады
			<ul style="list-style-type: none"> • Оқу бағдарламаларын, педагогикалық технологияларды, оқыту және бағалау әдістемелерін жасайды • Кәсіби жетістіктерді бағалайды және кәсіби даму траекториясына жөндеулерді еңгізуді қамтамасыз етеді • Есеп құжаттарын рәсімдейді, талдайды және өз практикасына жөндеулер еңгізеді

			<ul style="list-style-type: none"> • Цифрлік білім ресурстарын жасау дағдыларын игерген: Цифрлік білім ресурстарын жасайды және оқу ортаны қалыптастырады; Білімді өндірудің оқушылар қабілеттерін және өз сың ойлауды қалыптастыру үшін АКТ құрал ретінде қолданады; Рефлексияны оқу жұмысының қажетті құрамдас бөлігі ретінде қолдайды; Оқушылар және әріптестер ортасында оқытатын қоғамдастықтар немесе «білім қоғамдастықтарын» қалыптастырады • Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін кәсіби қарымқатынас құралы ретінде игерген Кәсіби ісәрекетті қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде (жаратылстану-математикалық пәндер үшін) жүргізеді • Билингвалды оқыту талаптарына сай оқу материалдарын таңдайды • жеке кәсіби карьерасын жоспарлай алады, өз кәсіби біліктілігі мен өз тілдік құзыреттерін арттыруға үнемі дайындығын көрсетеді
4-еңбек функциясы Зерттеу		Білім:	Іскерлік пен дағдылар:
	5.1	<ul style="list-style-type: none"> • педагогикалық мониторинг негіздері (әдістері, технологиялық үрдістері); • білімлаушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың принциптері, әдістері, үрдістері 	<ul style="list-style-type: none"> • тәлімгер жетекшілігімен және/немесе нұсқаулықтар мен талаптарға сәйкес білімалушылар оқу жетістіктерін бағалайды және әлеуетінің алғашқы диагностика әдістерін қолданады

		<ul style="list-style-type: none"> мақсатты тілдер аясында кіші мектеп жасындағы балалардың тілдік құзыреттерін бағалау жүйесінің ерекшеліктері; 	<ul style="list-style-type: none"> кіші жастағы мектеп оқушыларының сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша тілдік құзыреттерін алғашқы диагностикалау әдістерін өз бетімен қолданады; кіші жастағы мектеп оқушыларының сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша тілдік құзыреттерін бағалау өлшемдерін өз бетімен қалыптастырады
	5.2	<ul style="list-style-type: none"> балалардың жеке ерекшеліктері, олардың қызығушылықтары, қыжеттіліктері мен қиындықтарына диагностика жасау принциптері мен әдістері; кері байланысқа жету әдістері мен құралдары; рефлексия, жеке ісәрекет қиындықтары мен жөндеулерді анықтаудың әдістері мен тәсілдері 	<ul style="list-style-type: none"> оқу жетістіктерін өз бетімен бағалайды және әлеуетінің алғашқы диагностика әдістерін қолданады; тәлімгер жетекшілігімен және/немесе белгіленген әдістемелік ұсыныстарға сәйкес білімалушылар жеке ерекшеліктері диагностикасын жүргізеді
5-еңбек функциясы Әлеуметтік-коммуникативтік		Білім:	Іскерлік пен дағдылар:
	5.1	<ul style="list-style-type: none"> педагогикалық этика ережелері; білімалушылармен педагогикалық өзара ықпалдасудың принциптері мен әдістері; қызметшілер ұжымында жұмыс жасау принциптері мен әдістері; білімалушылар атааналарымен жұмыс жасау принциптері мен әдістері 	<ul style="list-style-type: none"> тәлімгер жетекшілігімен педагогикалық этика ережелерін жетекшілікке алады кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас негіздерін білу қабілетіне негізделіп, өз іс-әрекетін қалыптастырады сынып және әдістемелік бірлестік аясында кәсіби диалогтарға қатысады
	5.2	<ul style="list-style-type: none"> көпмәдени ортадағы қарым-қатынас 	<ul style="list-style-type: none"> әріптестермен өзара ықпалдастықта

		педагогикасы мен психологиясы	<ul style="list-style-type: none"> оқушылар, педагогикалық ұжымда, атааналармен ізгі ниетті өзара қарымқатынастарды педагогикалық өзара ықпалдастық принциптері мен әдістері негізінде қалыптастырады кіші мектеп жасындағы балаларды басқа және шетел тілдерін қосымша оқыту жүйесіне (кружоктар, балалар қоғамдастықтары) өз бетімен тартады
	5.3		<p>өз бетімен</p> <ul style="list-style-type: none"> жағдаятты талдау және педагогикалық өзара ықпалдастықтың ең тиімді принциптері мен әдістерін таңдау негізінде міндеттердің шешімін табады
	5.4		<ul style="list-style-type: none"> әріптестерімен, білімалушылар ата-аналарымен тиімді кәсіби өзара ықпалдастық міндеттерін шешеді; әдістемелік талаптарға сәйкес және тәлімгер көмегімен ата-аналар жиналысын өткізеді
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар	<ul style="list-style-type: none"> оқушы тұлғасына сыйластықпен қарайды және оқушылардың білім жетістіктеріне оңтайлы үлес қосады. оқыту барысында әріптестермен ізгі ниетті өзара қарым-қатынас маңыздылығын түсінеді мектептің педагогикалық қоғамдастығы жағдайында жұмыс жасай алады. өзінің жеке практикасын рефлексиялай алады, өзгерістер енгізе алады. құрылымдық сың мен ұсыныстарға барабар көзқараспен қарайды. Жеке кәсіби даму туралы көзқарасы қалыптасқан және өз білімдерін жетілдіруге үнемі ұмтылады. Инновациялық мектеп практикасын зерттейді және бағалайды, сондай-ақ зерттеу нәтижелері 		

	<p>мен басқа сыртқы көздерін өз практикасы мен әріптестер практикасын жетілдіру мақсатында қолданады.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Педагогикалық зерттеулер әдіснамасын біледі. • Өзінің жеке практикасын талдай алады және ол туралы пікір қалыптастыра алады. • Тиімді мектеп практикасына жету мақсатында жоспарлау үдерісін жетекшілік ету үшін жауапкершілікті қабылдайды • кәсіби тұрғыда өсу мақсатында әріптестермен ынтымақтастық ету дайындығы; команда болып жұмыс жасау қабілеті, әлеуметтік, мәдени және жеке айырмашылықтарды толерантты түрде қабылдау; • мемлекеттік және басқа тілдердегі табысты және оңтайлы іскерлік коммуникацияға қабілеті; коммуникабельділігі, толеранттылығы;
СБШ шегіндегі басқа мамандықтармен байланыс	Білім саласындағы менеджер
Кәсіп коды	2310

КӘСІПТІҢ КАРТОЧКАСЫ: «Педагог»

Кәсіп коды	2310
Кәсіп атауы	педагог
СБШ бойынша біліктіліктер деңгейі	6 (6.1; 6.2; 6.3; 6.4 деңгейшелері)
БЖ КС бойынша білітілік деңгейі	4

Кәсіби білім деңгейі	Жоғары білім. Бакалавриат, практикалық тәжірибе		
Еңбек функциялары:	1) оқыту		
	2) тәрбиелеу		
	3) әдістемелік		
	4) зерттеу		
	5) әлеуметтік-коммуникативтік		
1-еңбек функциясы Оқыту		Білім:	Іскерлік пен дағдылар:
	6.1	<ul style="list-style-type: none"> арнайы саланың (оқу пәндері, білім салалары) теориялық тұжырымдамаларымен интеграциясында мектеп дидактикасының классикалық ережелері психологиялық-педагогикалық ғылымдар саласындағы жаңа жетістіктері АКТ арқылы оқытудың дәстүрлі технологиялары мен дидактикалық құралдары Жасөспірім жасындағы физиология және психология ерекшеліктері мәдениетаралық коммуникацияның лингвистикалық механизмдері (монолог, диалог, түсініктеме, сипаттауды, мазмұндаманы құрастыру) 	<ul style="list-style-type: none"> арнайы саладағы білімдерімен интеграцияда дидактикалық білімдерін қолдана отырып, тәлімгер кеңестері немесе дайын әдістемелік нұсқаулар, талаптар мен ұсыныстарды есепке алу арқылы стандартты оқу сабақтарын өз бетімен жүргізеді; академиялық және кәсіби мақсаттары үшін оқу ортасында қолданылатын тілдерді игерген мақсатты тілдегі аутентті мәтіндерді қолдану арқылы оқу үдерісін жобалайды
	6.2	<ul style="list-style-type: none"> білімалушылардың жеке 	<ul style="list-style-type: none"> білімалушылардың жеке ерекшеліктерін есепке

	<p>қабілеттерін ашудың көзқарастары мен принциптері</p> <ul style="list-style-type: none"> • жекешелендірілген және интеграцияланған оқытудың, дамытатын оқытудың педагогикалық технологиялары, оқытудағы құзыреттілік көзқарас ерекшеліктері 	<p>алуға бағытталған танымал педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы өз пәнін (курсты) оқытудың белгіленген мақсаттарына сәйкес оқу әрекеті жағдайларын өз бетімен қалыптастырады</p>
6.3	<ul style="list-style-type: none"> • білімалушылардың зерттеу дағдылары, олардың тілдік құзыреттерін дамыту әдістері • білімалушылардың коммуникативтік, ақпараттық, құқықтық, экологиялық, кәсіби құзыреттерін қалыптастырудың принциптері мен әдістері • қазіргі тіл білімі мен лингвистика саласындағы теориялық тұжырымдамалар мен ережелер 	<ul style="list-style-type: none"> • Білімнің ұлттық жүйесінің өзекті міндеттеріне сәйкес пәнаралық байланыстар мен оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану арқылы оқу үдерісін өз бетімен қалыптастырады • білімалушылардың нақты өмір тәжірибесін қолдану арқылы мақсатты тілді оқыту үдерісін өз бетімен жобалайды
6.4	<ul style="list-style-type: none"> • оқу үдерісінің жаңа жобалары мен стратегияларын жобалау үшін педагогикалық мақсатқа сүйену әдістері • мектеп, орта білімнен кейінгі және жоғары білім интеграциясы мен сабақтастығы принциптері мен механизмдері • тілдерді, тілдер мен мәдениеттерді қосып оқыту парадигмалары 	<ul style="list-style-type: none"> • білімнің келесі деңгейлерінде оқыту ерекшеліктерін есепке алу арқылы оқу үдерісін өз бетімен жобалайды • білімалушыларды мақсатты тілді оқыту барысында қоршаған ортаға байланысты практикалық әрекеттеріне бағдарлай алады;

2-еңбек функциясы Тәрбиелеу		Білім:	Іскерлік пен дағдылар:
	6.1	<ul style="list-style-type: none"> • мектеп педагогикасы; 	<ul style="list-style-type: none"> • педагогикалық тактты, педагогикалық этика ережелерін сақтайды;
